

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы
Қамқоршылық кеңес отырысы Хаттамма №3

Күні: 27.12.2021ж

Қатысқандары: 17

Қатыспағаны: 3

Шақырылғандар: Қайржанова А.З., мектеп директоры, Шамгулова Д. Т., бас есепші

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік іс шаралардағы ата аналардың қатысы туралы. Сарсенбай Г., ДТЖО
2. Мектеп директорының қаржылық есебі. Қайржанова А.З.
3. Оқушылардың ыссы тамақпен қамту бойынша мәлімет беру. Қайржанова А.З.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сарсенбай Г сөз алады:

«Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері сіздер берген өтініш негізінде ҚБББ 22.12.2021 жылғы №330-ө бұйрығына №47 қосымшаға сәйкес қарқоршылық кеңес мүшелігіне ұсынылған ата аналар толығымен мақұлданып, қамқоршылық кеңестің төрайымы ретінде Кузнецова қалдырылды. Барлығы қамқоршылық кеңесте жиырма бір ата ана және бір хатшы бар. Желтоқсан айында мерекелер көп, сол ұйымдастырылатын шараларға сіздерді белсене қатысуға шақырамын. Тәуелсіздік мерекесін тойлау аясында көптеген шаралар оздырылады, сайыстар, конкурстар, соған қазылар алқасы болуға және көмек ретінде балаларды ынталандыру мақсатында естелік сыйлықтар ұйымдастыруға шақырамыз»

Қабылданған қаулы: 2021-2022 оқу жылына қамқоршылық кеңесі құрамы ҚБББ 22.12.2021 жылғы №330-ө бұйрығына №47 қосымшаға сәйкес жаңартылып, төрайымы ретінде Кузнецова Д қалдырылсын. Мектепшілік шараларға ата аналардың қолдауын ұйымдастыру қамқоршылық кеңес мүшелеріне тапсырылсын.

2 мәселе бойынша Қайржанова А.З. баяндады:

«Құрметті ата аналар, ағымдағы 2021 жылға 319270000 теңге бөлінген болатын, бұл қаражат жыл аяғына дейін толықтай игерілді. Яғни бөлінген қаражаттан жалағыға 7735000 мың теңге бөлінсе, әлеуметтік салыққа 456000 мың теңге және аударымдарға 224000 мың теңге, медициналық страхованиге 137000 мың теңге жұмсалды. Ал азық түлікке 23034000 теңге кетіп отыр. Қазіргі таңда қалған қаражат 341000 теңге құрап отыр, ал бюджеттен 13519018 теңге бөлінді, ол толықтай игерілді. Атап айтсақ, модем 20 дана – 17436,16 теңге, жалпы есеппен 348723.20 теңге, принтер А3 – 1 дана – 329000 т, жесткий диск – 10 дана – 259168 теңге, проектор -10 дана – 1935920 теңге, компьютер, системный блок, пернетақта, тышқан – 30 дана – 8131200.00 теңге, инфокиоск – 1 дана - 795 000 теңге, қол кептіргіш – 30 дана – 407990.70 теңге, принтер 3 в1 – 10 дана – 1255408 қамтутеңге, ту – 3 дана- 9300 теңге, жарға ілінетін шахмат – 47300 теңге жұмсалды.

Қабылданған қаулы: мектеп директорының қаражатты игеру есебі қанағаттарлық деп есептелінсін.


3 мәселе бойынша тамақ құнының өсуіне байланысты мектептегі ыссы тамақтың құны бойынша бас есепші сөйледі:

«Құрметті ата аналар, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 1-4 сыныптардағы ақылы ыссы тамақпен қамту құны 400 теңгені құрайды, оның ішінде таңғы ас 130 теңге, түскі ас 150 теңге, бесін ас 120 теңгені құрайды. 5-11 сынып оқушыларына толық ыссы тамақ құны 480 теңгені құрайды. Тамақпен қамтудың штаттық құрамына ай сайын 2900 теңге әр оқушыдан ұсталынатын болады. Нарықтағы баға өзгерісіне сәйкес өткен жылмен салыстырғанда тамақ құны 33.3% өсті. Мысалы, өткен жылы еттің бағы 1800 теңге болса, биылғы жылы 2352 теңгеге өсті, сол сияқты сары май бағасы 759 теңгеден 1500 теңгеге, күріш 330 теңгеден 480 теңгеге, картоп 180 теңгеден 280 теңгеге өсті. Сонымен қатар ас мәзіріне де өзгерістер енгізілді: «Береке» қоспасыз ірімшігі, банан, кисель қосылды. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1193қаулыға сәйкес қызметкерлердің еңбекақысы 25% өсті, сәйкесінше тамақпен қамтудың лауазымдық кестесінің ауқымы да 7.4% өсті. Нарықта тамақ құнымен бірге шаруашылық тауарлардың да бағасы өскен болатын, сондықтан оған қарастырылған шығындар ауқымы да кеңейтілді.

Қабылданған қаулы: Бас есепшінің негіздемесі сәйкес тамақтану ұйымдастыруға ұсынылып отырған бағалар бекітілсін, яғни 1-4 сыныптардағы ақылы ыссы тамақпен қамту құны 400 теңгені, оның ішінде таңғы ас 130 теңге, түскі ас 150 теңге, бесін ас 120 теңгені, 5-11 сынып оқушыларына толық ыссы тамақ құны 480 теңгені құрасын.

Төрайым:

Хатшы:



Кузнецова Д
Сарсенбай Г